



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№193
(20069)



24 желтоқсан, бейсенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

ӘЛЕУМЕТ

2 Зейнетақы мен жәрдемақы мөлшері артады

МЕРЕЙ

4 Тәңір оған ақыл беріп, білімге ынталандырған

РУХАНИЯТ

6 Қайнар білімнің құтханасы

● ПРЕЗИДЕНТ



ЖОҒАРҒЫ СОТ ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жоғарғы сот төрағасы Жақып Асановты қабылдады. Мемлекет басшысына алдағы сот реформасының негізгі бағыттары, әкімшілік әділет механизмі енгізуге дайындық жұмыстары, сондай-ақ, сот өндірісінде қолданылатын IT әзірлемелер жайында баяндалды.

Жақып Асанов сот жүйесін 2021 жылдың шілдесі айынан бастап күшіне енетін жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне дайындау барысы туралы айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев әрбір сот заң үстемдігін қамтамасыз етудегі өзінің ролін терең түсінуі керек екеніне баса мән берді. Мемлекет басшысының пікірінше, бұл – азаматтардың құқығы мен еркіндігін қорғау, қолайлы инвестициялық климат қалыптастыру, кәсіпкерлікті және тұтас экономиканы дамыту бойынша маңызды міндет.

Қазақстан Президенті соттардың кәсібилік мен адалдығы ең басты құндылық болуы керек екенін атап өтті. Себебі алдағы уақытта іске асатын реформаның табысты болуы осыған тікелей байланысты.

● ҚАРАПАЙЫМ ЗАТТАР ЭКОНОМИКАСЫ

БАҒДАРЛАМАНЫҢ ОРЫНДАЛУ БАРЫСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Кеше облыс әкімдігінде «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша кеңейтілген жиын өтті. Отырысқа тиісті сала басшылары мен аудан әкімдері қатысып, ортақ мәселелер бойынша пікірлесті. Бағдарлама шеңберінде іске асқан жобалар мен негізгі мәселелер талқыланды.

Облыста 2019 жылдан бері 2025 жылға дейін қарапайым заттар импортын 37%-ке азайтуды көздейтін «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бұл ретте қолжетімді несие беруді шешу үшін республикалық бюджеттен 600 млрд теңге, биыл 400 млрд теңге қосымша қаржы бөлініп, қаржыландырудың жалпы сомасы 1 трлн теңгені құрады. Негізгі мақсат – импорттық әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын жергілікті тауарларға ауыстыру.

Жиында индустриялық-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасары Жолмырза Еламанов бағдарламаның өңірде іске



асырылу барысын баяндады. Бағдарлама аясында жалпы құны 8,7 млрд теңгені құрайтын 109 жоба несиелендірілген. Мақұлданған 60 жобаның басы бөлігі, яғни 52-сі – ауыл шаруашылығы саласындағы жобалар, жылқы, сиыр және басқа да ірі қара мал өсіру.

Отырыста облыстық кәсіпкерлер палатасы директорының міндетін атқарушы

Пірімхаммед Сыдықов «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша кәсіпкерлердің несие алуына ықпал жасау бағытындағы негізгі мәселелерге тоқталды. Жобаларды игеру мәселесіне қатысты Арал, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария аудандары әкімдерінің негізгі жоспарлар бойынша пікірлері тыңдалды.

Жиында қаралған екін-

«СБ» ақпарат

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова ЕҚДБ-ның Қазақстандағы өкілдігі директорының орынбасары Бахтиер Файзиев және жетекші банкир Владимир Сидоренкомен кездесті. Кездесуде ЕҚДБ-мен бірлесіп іске асырылатын жобалардың барысы және болашаққа жоспарлар талқыланды.

АТҚАРЫЛҒАН ІСТЕР МЕН АЛДАҒЫ МЕЖЕ

– Өріптестеріміздің атынан біздің облыс үшін маңызды жобаларды іске асыруда қолдау көрсеткендеріңізге ризашылығымды білдіргім келеді. Нәтижесінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуында жақсы көрсеткіштерге қол жеткіздік. Бүгін сіздермен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы жаңа бірлескен жобаларды іске асыруды – Қызылорда ЖЭО-н жаңғырту және кеңейту, Қызылорда қаласындағы биологиялық тазарту станциясын жаңғырту және автоматтандыру мәселелерін талқылағамыз келеді. «ЖЭО жаңғырту және кеңейту» жобасы бойынша техникалық-экономикалық негіздеме әзірленді, мемлекеттік сараптаманың қорытындысы алынды. Жоба екі кезеңнен тұрады: КОГТЭС (когенерациялық газ-турбиналық электр станциясы) құрылысы және су жылыту қазандығының құрылысы. Біз жалпы сомасы 9 млрд теңгеге ЕҚДБ арқылы кредит беру жолымен КОГТЭС-ті жаңғыртуды ұсынамыз. Негізгі қарызды «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС есебінен өтеу механизмі бар, – деді облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова.

Бүгінде Нарық кеңесінің қорытындысын алу үшін тиісті құжаттарды дайындау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Нарық Кеңесіне 2021 жылғы 1 ақпанға дейін осы инвес-

тициялық бағдарламаны әзірлеу кезінде жүргізілген тәуелсіз техникалық және қаржылық аудиттердің нәтижелері бар инвестициялық бағдарламаны ұсыну қажет.

«Биологиялық тазарту станциясын жаңғырту және автоматтандыру» жобасы бойынша да мемлекеттік сараптаманың қорытындысы бар, жобаның құны – 2,8 млрд теңге. ЕҚДБ-мен бірлескен жоба үшін бұрын бөлінген қаражатты пайдалана отырып, іске асыруға Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің келісімі алынды.

Айта кету керек, Қызылорда қаласында ЕҚДБ-мен бірлесіп жылудың жабдықтау жүйесін салу және қайта жаңарту, су мен жабдықтау, су жүйелерін салу және қайта жаңарту, электрмен жабдықтау жүйелерін жаңғырту жобалары бойынша тиісті жұмыстар жүргізіліп, келісім-шарт бойынша несиелер төленіп жатыр.

Кездесу барысында ЕҚДБ Қазақстандағы өкілдігі директорының орынбасары Бахтиер Файзиев көтерілген мәселелерді қолдап, Қызылорда облысы инвестициялық тұрғыдан тиімді өңір екенін атап өтті. Жетекші банкир Владимир Сидоренко да өз ұсыныстарын жеткізді.

Қорытындылай келе өңір басшысы одан әрі ынтымақтастықты дамыту туралы ұсыныс айтып, Бахтиер Файзиевке жұмыс сапарымен Сыр өңіріне келгені үшін алғыс білдірді.

ВИРУСОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТХАНА ЗАМАНАУИ ҚҰРАЛДАРМЕН ЖАБДЫҚТАЛДЫ

Жаңа жыл қарсаңында облыстық вирусологиялық зертхана жаңа ғимаратқа қоныстанып, заманауи құралдармен жабдықталды. Ашылу салтанатына қатысқан облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов және сала ардагерлері мен қызметкерлері заманауи жаңарған зертханамен танысты.

СБ Айгүр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

«Ұлттық сараптама орталығы» облыстық филиалының вирусологиялық зертханасы 1994 жылдың көктемінде құрылған. Зертхана вирусты гепатиттің барлық түрін, қызылша, қызамық және жедел ішек жұқпаларын, тұмау, басқа да вирусты инфекцияларды анықтаумен айналысады. Мұнда штат бойынша бір дәрігер-вирусолог, 4 зертханашы және менгеруші жұмыс істейді. Бірақ пандемия кезінде COVID-19 инфекциясын ПТР әдісімен анықтауға қосымша 17 маман тартылып, 20 қызметкерден тұратын call-орталық ұйымдастырылған. Жыл басынан ПТР әдісімен 90000 клиникалық материал зерттеліп, оның 3180-і оң нәтиже көрсеткен.

Жаңа ғимаратқа көшу барысында зертханамыз заманауи құрал-жабдықтармен де қамтылды. Мәселен, ауа тамшылары арқылы жұғатын патогенді агенттер, микроағзалармен жұмыс істеу барысындағы сынамалар, мамандарды және қоршаған ортаны қорғау үшін отандық II класты екі биологиялық бокс сатып алынды. Сонымен бірге 96 анализден нуклеин қышқылын 2 сағатта

анықтайтын швейцариялық ТЕКАН компаниясының автоматты стансасы алынған. Бұл процедураны қолмен жасайтынбыз. Ол кезде 6 сағат кететін. Нақтырақ айтқанда, автоматтандырылған жұмыс стансасы нуклеин қышқылын автоматтық режимде магнитті шарлар негізіндегі технологияны пайдаланып жұмыс істейді. Платформада роботталған екі қол (манипулятор) бар. Бірі зертханалық ыдыстарды ауыстырады, екіншісі – сұйықтықтардың манипуляторы. Бұдан бөлек, дәлдік уақыт режимінде ПТР әдісімен зерттеу жүргізуге сингапурлық заманауи 3 амплификатормен жабдықталды. Бұл құрал 2 сағатта дайын болатын 384 зерттеуге есептелген. Зертхананың тәуліктік қуаты 1100 зерттеуді құрайды, – дейді зертхана менгерушісі Гүлжан Досанқызы.

Сатып алынған құрал-жабдықтар ішінде коронавирустық инфекциясын диагностикалауға арналған «КАМАЗ» базасындағы жылжымалы мобильді зертханалық кешен де бар. Жылжымалы кешен екі бөліктен тұрады. Бірі ДНК/РНК анықтап, рекреациялық қоспа



дайындап, сынамалар енгізуге арналса, екіншісі – медицина қызметкерлерінің шаруашылық және тұрғын орны. Жылжымалы зертханалық кешен – шалғайда орналасқан кен орындарына барып, ондағы қызметкерлерден сынама алуда таптырмас құрал.

Бүгінде вирусологиялық зертхана 12600 тест жүргізуге арналған 126 тест-система жиынтығымен қамтамасыз етілген.

Өңірде күнделікті тұтынатын азық-түлік бағасы қымбаттап, өсімдік майы, қант, жұмыртқаның бағасы шарықтады. Қысқасы, қысқы базар қысып тұр. Айналырған бір аптаның ішінде аталған өнім түрлеріне баға үстемелене түсті. Бағаның күннен күнге қымбаттауына тұрғындар да наразы. Тапқан-таянғанын тамаққа жеткізіп, жан бағып жүргендер көп. Сондықтан олар «баға әлі де көтеріле ме?» деп алаңдаулы. Осы орайда қала орталығындағы сауда орындарындағы азық-түлік бағасын бағамдап қайттық. Баға әр сауда орында әртүрлі.

СБ Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»



ҚАЛЫҚТА, ӘН, ҚАНАТЫҢА МАРЖАН ТАҒЫП...

Қызылорда қаласы әкімдігінің қолдауымен қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі ұйымдастырған жастар арасында эстрада жанры бойынша «Қызылорда дауысы-2020» конкурсы болып өтті.

СБ Дүйсенбек АЯШҰЛЫ, «Сыр бойы»

Эстрада жұлдызы, жерлесіміз Мәдина Садуақасованың идеясымен тұңғыш рет қолға алынған жобаның өз ерекшеліктері бар. Конкурста қазылар бір ғана жеңімпаз таңдайды.

Осы конкурста 200-ден астам өнерпаз ниет білдіріп, солардың арасынан 12 талантты талапкер іріктелген болатын. Конкурс ережесі бойынша 1-турда 12 қатысушы әлемге танымал хит әндерді орындады. 2-турда Сыр елі композиторларының шығармаларына кезек берілді. Осылайша, 3-айналымға 5 қатысушы ғана өтті. Оларға өз қалауымен ән орындау тандауы берілді.

Қызылорда аспанына қалықтап шыққан асқақ үн кімнің дауысы екен деп жанкүйерлер де сарсаң болған сияқты. Қазыларға да бірінен бірі әсем Қызжібектің күймесіндей әсерге бөлеген әншілерді бағалау сынынан өту оңайға түспеді. Дегенде, бәйгеңің аты – бәйге, мәні мен сәні үйлесіп мәреге жеткендер ішінде Айжан Қыдырбек, Мөлдір Құлашметова, Құралай Мейрамбек секілді ерен дауыс иелері де бар болатын.

Сонымен, Қызылорданың жаңа дауысы анықталды. Бас бәйгеңі қызылордалық жас дарын, Қазанғап атындағы жоғары музыкалық колледжінің студенті Аяқоз Аралбайқызы иеленді. Оған конкурс жүлдесі 1 миллион теңгенің сертификаты мен статуетка тапсырылды.

Таңдайына бұлбұл ұялаған таланттарға Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, эстрада жұлдызы Мәдина Садуақасова, композитор, халықаралық байқаулардың жеңімпазы Ерлан Байбазаров, «LUX» радиосының басшысы, Eurovision және Junior Eurovision халықаралық музыкалық байқауының 2008 жылдан бері тұрақты комментаторы Қалдыбек Жайсаңбай баға берді.

Қазақстанның халық артисі Роза Рымбаева мен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, әнші Жанар Дұғалова конкурста қонақ болып қатысып, ән шығарды. Қала әкімінің орынбасары А.Есжанов қонақтарды қала әкімінің алғыс хатымен марапаттады.

Осылайша, Сыр елі эстрада әншілерінің қатары тағы бір жас талантпен толықты. Тағы бір жұлдыздың бағы жанды.

● ЖЕДЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАР

«САМҒАНЫҢ» БИІГІ

Қызылорда қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің «Самға» би тобы Лондонда өткен халықаралық шығармашылық фестивалінде I орын иеленді.

Қашықтан ұйымдастырылған шарادا жас зияткерлер көптеген мемлекеттің шығармашылық топтарымен бақ сынап, қазақ биін орындады. Сондай-ақ, ұлттық өнерімізді әлемге танытуда 11-сынып оқушысы Баян Сарибаева жеке орындауда ерекшеленді. Полыаның «DIGI-TALENTY. JESIEN-2020» халықаралық фестивалінде «Қыз қиялы» атты би қойылымымен бірінші дәрежелі диплом иегері атанды.

Айта кетейік, «Самға» би тобы зияткерлік мектеп жанынан құрылған. Бүгінде ұжымның 50-ден астам бөлек мүшесі бар. Ұжым жетекшілері – кәсіби хореографтар Жұлдызай Мауленова мен Ақмарал Әлібекова.

АУЫЗСУ СЕРВИСТІК ЖЕЛІГЕ ҚОСЫЛДЫ

Қазалы ауданына қарасты Бекарыстан би ауылындағы ауызсу сервистік желіге қосылды.

Бұл «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасы аясында жүзеге асты. Нәтижесінде елді мекендегі 3 әлеуметтік нысан мен 454 тұрғын үйге ауызсу тартылды. Осылайша бұған дейін біршама қиыншылық көрген тұрғындар ауызсууды үйдің ішінен алып, машақаттан құтылды. Айта кетейік, жылдың басында Қазалы ауданында ауызсу сервистік желіге қосылмаған 3 елді мекен болатын. Бүгінде олардың саны есуге қысқарып отыр.

Қазіргі таңда Жанқожа батыр мен Майдақол ауылдарындағы ауызсу сервистік желіге қосу жұмыстары басталып кетті. Құрылыс келесі жылы аяқталады.

МЕРЕКЕЛІК ОТШАШУ БОЛМАЙДЫ

Коронавирус инфекциясының алдын алу үшін Жаңа жылды атап өту жылдағыдан өзгеше болмақ, яғни, Қызылорда қаласы әкімдігі мерекелік безендіруге бюджеттен арнайы қаржы қарамаған.

Орталық алаңға орнатылатын жаңажылдық шырша жаңадан сатып алынбайды. 2018 жылғы шырша қайта жасакталып, орнатылады. Қаланы мерекеге сай әрлеуге бұған дейін сатып алынған құралдар қолданылады.

Қазір бас шырша орталық алаңда орнатылуда. Ол ресми ашылмайды, отшашу болмайды, мерекелік іс-шаралар өткізілмейді.

«СБ» ақпарат

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

КӘСІБИ МЕРЕКЕДЕГІ ТАРТУ

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова энергетиктердің кәсіби мерекесіне орай сала қызметкерлерімен кездесті. Олардың халыққа қызмет көрсетуде еңбегі зор екенін атап өтіп, төл мерекелерін құттықтады.

СЫ Ыдырыз ТӘЖІҮЛЫ, «Сыр бойы».

— Энергетика саласы — қашанда тіршілікті алға жылжытушы күш әрі экономиканың алтын өзегі, негізгі локомотиві. Тәуелсіз Қазақстанның негізгі экономикалық тірегінің бірі ретінде энергетика саласы да жылдам дамып келеді. Бүгінгі күні мезгілдің кез келген сәтіне қарамастан, әлеуметтік нысандардан бастап, қоспорындарға, еңбек ұжымдарына, тұрғын үйлерге электр мен жылу қуатын үзбей жеткізуде тынымсыз тірлік жасалады. Сондықтан жауапты еңбектеріңізге абайор тпйеймін, — деді облыс әкімі.

Биыл электрмен қамту жүйелерін дамытуға 3,3 млрд теңге бөлінп, 5 жоба пайдалануға берілген. Соның ішінде ең ауқымдысы ретінде Қармақшы ауданындағы Жосала және Төретам кенттеріндегі қосалқы электр станциялары іске қосылып, ел игілігіне берілуін атап өтуге болады. Мұнан бөлек, мемлекеттік бағдарламалар аясында 4 млрд теңгеге 7,8 шақырым жылу желілеріне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Кездесуде облыс басшысы сала үздіктерін министрліктің, әкімдіктің



Алғыс хаттарымен марапаттады. ҚР Энергетика министрлігінің «Құрметті энергетик» төсбелігін сала ардагері Мухалдам Серікбаев, «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» Қызылжарма аудандық электр торабының диспетчері Төрехан Жанатаев, «Қызылордажылуэлектрорталығының» оперативті-диспетчерлік қызметінің кезекші инженері Ақылбек Оразбаев иеленді.

Кәсіби мерекеле құрмет төрінен көрінген Қызылорда қалалық электр тораптары басқармасының директоры Орынбек Дәуренов «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Құрметті энергетигі» атағымен мара-

патталды. Сондай-ақ, «Энергосервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Еркебұлан Есенбаев, «Шилелі жарығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің инженері Жарылқасын Өтеулиев Қазақстан Электр энергетикалық Қауымдастығының «Еңбегі сіңген энергетик» төсбелісімен марапатталды. Ал, облыс әкімінің Алғыс хаты «Қызылордажылуэлектрорталығының» департамент директоры Тимур Ниязбаевқа табысталды.

Жиын соңында облыс әкімі Тәуелсіздікті нығайту жолында қызмет еткен әрбір азаматтың еңбегін жоғары бағалап, табыс тіледі.

САЙЛАУДЫҢ ӘДІЛ ӨТУІ БАЙҚАУШЫЛАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ

10 қаңтарда елімізде ҚР Парламенті Мәжілісі және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының сайлауы өтетіні белгілі. Сайлаудың ашық және заң талаптарына сәйкес өткізілуіне қоғамдық мониторинг жүргізу мақсатында өңірде байқаушылар штабы құрылды. Құрамында «Қызылорда облысының Азаматтық Альянсы» қауымдастығының мүшелері мен белсенді азаматтар бар. Бұл туралы облыстық байқаушылар штабының жетекшісі Жан-дос Тұсмағамбетов хабарлады.

Штаб жетекшісінің айтуынша,

сайлау күні облыстағы 376 сайлау учаскесінде тиісті мониторинг жүргізіледі. Байқаушылар сақайдай сай. Бұған дейін олар Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы тарапынан келген шетелдік байқаушылармен кездесіп, тәжірибе бөліскен.

— Байқаушылардың бірі — Германия-дан келген Инго Бютнер және Ресей Федерациясынан келген Андрей Оствальд. Екі азамат та — ЕҚЫҰ құрамындағы елдерде өткен сайлау барысына байқаушы ретінде қатысқан сарапшылар. Кездесуде штаб жұмысы таныстырылып, өзара

пікір алмасуға мүмкіндік болды. Бұдан бөлек, өңірдегі байқаушылар арнайы оқытуларға қатысқанына да айту керек. Олар заңнама талаптарынан аттамау, әділ сайлауды қамтамасыз етуді алға міндет етіп отыр, — деді Ж.Тұсмағамбетов.

Жиында белсенді тұрғын, сайлау учаскелерінде дауыс беру процесі заң аясында, ашық өтуін қалайтын ерікті байқаушы Серік Ерімбетов «әділ, демократиялық таңдау жасауға үлес қосу — азаматтық парызым» деген ойын білдірді.

КӨБЕСІ СӨГІЛСЕ, КӨП ДҮНИЕ ӨЗГЕРЕДІ

Бірден айтайық, мәселе білім беру саласына қатысты.

Білуімізше, қазақ тілін ұлтаралық тілге айналдырудың кеңейту келер жылдағы басты шаруаның бірі болмақ. Бұл туралы министр сейсенбідегі жиында жеткізді.

«Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов мәтпенке дейінгі, орта және техникалық, кәсіптік білім беру ұйымдарында мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту ісіне басымдық беруді тапсырды деп келтіреді ҚазАқпарат.

Жасыратыны жоқ, тапсырма көп, бірақ, орындалуы әрқалай. Дегенде, осы жолғы бастаманың ертенгі берері салмақты сияқты. Салмақтысы, қазақ тілінің өрісін кеңейтуде алдымен сол тілді үйрететін тәлімгерді дайындаудан бастап шаруа шынайы қолға алынбақ. Бұл ретте министр: «Қалпы мемлекеттік тілдің аясын кеңейту — бәріміздің парызымыз. Ол сөзсіз, түсінікті мәселе деп ойлаймын. Елбасының мемлекеттік тілді дамыту саясатына сәйкес, білім саласында біраз жақсы өзгерістерге қол жеткіздік. Қазіргі

уақытта Мемлекет басшысы мемлекеттік тілді білім саласында дамыту бойынша бізге тапсырма берген болатын. Әрине, білім саласында тиісті өзгерістер болмаса, қазақ тілін ұлтаралық тілге айналдыру қиына соғады. Сондықтан келесі жылы Тіл комитетінің Білім және ғылым министрлігіне беріліп жатқаны бекерден-бекер емес. Мұның бәрі жүйелі түрде осы саясатты жүзеге асыру үшін жасалып отырған қадамдар», — деп атап өтті.

А.Аймағамбетов және бір сөзінде қазақ тілін ұлтаралық тілге айналдыру мәселесі келесі жылдың басты шаруаларының бірі болатынын жеткізді.

«Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні бойынша бағдарламаларды жетілдіру ұсыныстарын қолдаймыз. Университеттерде қазақ тілі пәнінің мұғалімдерін қалай даярлап жатырмыз деген мәселе бойынша да өзгертілген шаруалар бар. Ректорлар оны біледі. Біліктілікті арттыру курстарының мазмұнын өзгерту мәселесі де бар. Әдістеме, оқулықтар бойынша, бір сөзбен айтқанда, жүйелі өзгерістер керек.

Бірақ оның бәріне ғалымдар, әдіскерлер атсалысуы қажет», — деді ол.

Шынында, тілге қатысты толғақты мәселелердің көбесі сөгілгені тұр. «Ректорлар оны біледі». Әдістеме, оқулықтар бойынша да өзгерістер керек. Ал бұған шын жанауыр ғалымдардың, әдіскерлердің жұмыла қызмет етуі ауадай қажет.

Министр атағы бір сөзінде негізгі мәселе мемлекетте, балабақшада қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту екенін жасырмалды.

«Орыс тілде оқытқан балалар бар. Олар қазақ тілін 11 жыл оқып шыққанымен, қазақ тілін меңгеру деңгейін көріп отырмыз. Сағат саны бойынша қарайтын болсақ, қазақ тілінде және орыс тілінде қазақ тілі пәнін оқыту сағаттары тең. Бірақ сапа бойынша сұрақтар бар. Оны жасыруға болмайды. Сондықтан тиісті жұмысты атқармасақ болмайды», — деді Білім және ғылым министрі.

Аргысы түсінікті болса керек...

Қ.ӘБШ

ЖЫЛУ БАҒАСЫ ӨСЕ МЕ?

«Қызылорда жылу электр орталығы» облыстық табиғи монополияларды реттеу департаментінен тарифті көтеруді сұрап отыр. Ұсыныс депутаттар, мемлекеттік органдар, ақпарат құралдары мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысқан жария тыңдауда талқыланды.

СЫ Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

Департамент басшысының орынбасары Ғалым Тойлыбек тарифті бекіту туралы өтініш 2021-2026 жылдарға арналғанын атап өтті. Кәсіпорын директорының орынбасары Әнуарбек Әбдімомунов айтқандай, бағаны өсіру — мәжбүрлі қадам. Оның бірнеше себебі бар. Біріншіден, тариф 2015 жылдан бері өзгермеген. Екіншіден, тозығы жеткен негізгі қондырғылар, жылу желілері жөндеуде. Одан бөлек, шикізат, материалдар мен электр энергиясы құнының, жаңа объектілердің төңерігіме өтуіне байланысты амортизациялық аударымның артуы әсер етті.

— Жұмысшылар жалақыны көтеруді талап етіп отыр. Кәсіби мамандардың басқа мекемелерге ауысуы жиіледі. 2015-2020 жылдар аралығында инфляция көлемінің жоғарылағанына қарамастан еңбекке 5-7 процентке ғана өсті. Ендігі себеп — бесжылдық инвестициялық бағдарламаны орындау үшін алынған қарызды қайтару, — деді Ә.Әбдімомунов.

Кәсіпорынның өтінішіне сәйкес жылудың жабдықтау қызметінің жобалық орташа босату тарифі — қосымша құн салығын қосқанда 1 Гкал үшін 8256,51 теңге немесе қазіргіден 1,5 есе көп. Тұрғындар үшін 1 шаршы метрге — 135,33 теңге, бұл қолданыстағы бағадан 96,77 теңге немесе 28,5 процентке қымбат.

Шешім сын-ескертулер негізінде алдағы жылдың 26 қаңтарында қабылданады.

● БРИФИНГ

ВАКЦИНА ЕРІКТІ ТҮРДЕ ЕГІЛЕДІ

Алдағы наурыз айынан вакцинаның 80 мың дозасы кезек-кезеңімен әкелініп, егу жұмыстары басталады. Бүгінде дайындық жүруде. Сондай-ақ, вакцинаны сақтайтын арнайы контейнерлердің саны нақтылануда. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов мәлімдеді.

— Вакцинаны қалай егу туралы қосымша жұмыстар жүргізіледі. Екпе бірінші кезекте ерікті түрде медицина қызметкерлеріне, педагогтарға, созылмалы ауруы бар жандарға, 65-ке дейінгі адамдарға егіледі. Өйткені, вакцина сол жас аралығындағы

азаматтарға ғана әсер етеді. Айта кетейін, адамдармен жиі байланыста болғаннан кейін вакцинаны бірінші кезекте өзім де салдырамын, — деді басқарма басшысы.

Коронавирус инфекциясының болжамды екінші толқынына дайындық барысын-

да бірқатар жұмыстар атқарылууда. Атап айтқанда, 3500 медицина қызметкерінің резерві құрылды. Бұған қоса, облыста 9 ПТР аппараты жұмыс істеп, тәулігіне 1200-1300-ден астам сынама алынууда. Қажеттілік туындағанда зерттеу санын 1900-ге дейін жеткізуге болады. Бүгінде барлығы 210 инфекциялық төсек-орын жұмыс істеп тұр. Ахуал күрделенген жағдайда, төсек-орын санын 3200-ге жеткізуге мүмкіндік бар. Медицина ұйымдарының барлығы 100 процент пульсоксиметрмен қамтылған.

12 МЫҢ ҚЫЗМЕТКЕР ЖАРНА ТӨЛЕУДЕН БОСАТЫЛДЫ

Облыста 8,5 мың шағын және орта бизнес субъектісінің 12 мыңнан астам жалдамалы қызметкерлері МӘМС жүйесіне жарна төлеуден босатылды. Алайда олар сақтандыру мәртебесін алу үшін «Saqtandyru» ақпараттық жүйесіне жалдамалы қызметкерлердің деректерін енгізу керек. Қазіргі таңда бұл жұмыс толықтай аяқталып қалды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ облыстық филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов мәлімдеді.

— Облыс халқының 80 проценті — міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің қатысушылары. Бұл ретте 140 мыңнан астам тұрғын сақтандырылмаған болса, өзін-өзі жұмыспен қамтыған 4,5 мыңнан астам адам өзектендірілмей отыр. Сақтандырылмағандардың арасында Үкімет қаулысына сәйкес 2021 жылдың 1 қаңтарына дейін жарналар мен аударымдар төлеуден босатылған шағын және орта бизнес субъектілерінің қызметкерлері болуы мүмкін. Жарналардың болмауына қарамастан,

мұндай қызметкерлерді сақтандыру үшін жұмыс берушілер msb.fms.kz веб-сайтына қызметкерлер туралы мәліметтерді енгізуі, яғни, олардың мәртебесін сақтауы керек. Алдағы уақытта бұл қызметкерлер МӘМС жүйесіндегі барлық қызмет түрлерін еркін алады, — деді Бақыт Торғайбайұлы.

Быылғы 11 айдың қорытындысы бойынша ТМҚКК және МӘМС пакеттері шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтер үшін 55 340 741,8 мың теңге, яғни, жылдық көлемнің 82 проценті төленген. Шығыстардың басым

бөлігі стационарлық медициналық көмекке төленді. Быылғы жылы жоспарлы түрде стационарларда 71 588 адам емделген.

Өңірде келер жылға арналған медициналық қызметтерді сатып алу бюджеті 65,6 млрд теңгеге бекітілді. Оның 42,8 млрд теңгесі тегін медициналық көмектің кепілді көлемі аясындағы қызметтерге, 22,8 млрд теңгесі МӘМС пакетіне бөлінген. Филиал директорының айтуынша, бүгінде пациентке медициналық көмек көрсетуден бас тартылса немесе тиісті түрде көмек көрсетілмесе, онда ол 1406 нөміріне, «Qoldau - 24/7» мобильді қосымшасы немесе «SaqtandyruBot» Telegram-бот бойынша мамандарға жүгінуге қажет. Қордың мамандары мен сарапшылары жедел жауап беріп, қажетті көмек көрсетеді.

«СБ» ақпарат

ҚЫМБАТШЫЛЫҚ ҚЫСЫП БАРАДЫ

Қазіргідей індет өршіп тұрған уақытта көпшілік үшін күнделікті тұтынатын тауар бағасының тұрақтылығы маңызды. Алдымен «Магnum» сауда желісінде болып, бағаға зер салдық. Мұндағы баға көңіл көншітпейді. Нақты айтар болсақ, сапалы 5 литрлік күнбағыс майы 3200, 25 келі үн 6000 теңгеден жоғары, қарақұмық жармасы 400, қанттың келісі 261 теңге, Сияр еті 2800 теңгеден, жұмыртқаның 30 данасы 1239 теңге, қызанақ 935, қызылша 110, қырыққабат 100, қияр 1245, сөбіз 175, картоп 185, жуа 112, алма 400-ден жоғары. Сонымен қатар сүт өнімдері де едәуір қымбат. Еліміздегі жылжымайларда өсірілетін қызанақ пен киір бағасы да өскен. Қант пен қарақұмық жармасы сияқты импортқа тәуелді тауарлардың бағасы қарқынды көтерілгені байқалады. Себебі, қарақұмық пен қант Ресейден әкелінеді.

Одан әрі ескі базарға бардық. Мұнда халық көп. Көпшілік азық-түлікті молинан алууда. Бас сұққан сауда дүңгіршегінің барлығында тұрғындар бағаның өскенін айтуда. Күріш бағасы 300 теңгеден, алма 300, құрма 450, картоп 180, сөбіз 160, жуа 100 теңгеден садалануда. Жұмыртқаның бір данасы 50 теңге, өсімдік майы 2950-3400 аралығында.

Қала тұрғыны Құндызай Доспанбетова — көпбалалы ана. Азық-түлік бағасының қымбаттағанына алаңдаулы. Ол азық-түлік қорын молинан жинаудың қамымен жүр. Себебі, бағаға сенім жоқ дейді.

— Бәрі қымбаттап жатыр. Басқасын айтпағанда, азық-түліксіз қалай отырамыз. Бұрын ай сайын азық-түлікке 20 мыңнан астам теңге жұмсайтынмын. Қазір 30-40 мың теңге жобасында қаражат кетеді. Осыдан бір ай бұрын күнбағыс майын 2900 теңгеден алсам, бүгін 3200-ден алдым. Жұмыртқа күннен күнге қымбаттауда. Қондирлік өнім пісіретін болғандықтан, жұмыртқаны күнделікті тұтынымын. Байқап қарасам, негізгі тұтынатын өнім түрлерінің бағасы қымбаттап жатыр, — дейді ол.

1-бет

Ал, кәсіпкерлердің өз уәжі бар. Атын атамауды сұраған сатушы бұл салада 10 жылдан астам еңбек етіп, нәпақасын тауып келеді екен. Оның айтуынша, тауар қымбатқа түсіп отыр. — Тұтынушылар бізге ренішін білдіріп жатады. Бірақ, біз де күнұзаққа босқа тұрғанымыз жоқ. Тауар болса да қымбат. Оған үстіне 5-10 теңгеге біз қосамыз. Өнімнің бағасын бөлігі сырттан келеді. Жеткізілуі, шығыны, тұрған орнымызға төлейтін төлемі бар, — дейді ол.

Жақында Сенат депутаты Мұрат Бақтиярұлы «Facebook» әлеуметтік желісінде «Астық туралы» заңға толықтырулар мен өзгерістер енгізуді талқыға салғаны туралы жазған болатын. Онда ол «Кем дегенде екі айға жететін 500 мың тонна астық қорын жасау, мынадай күрделі кезеңде өте қажет екені дау туғызбайды. Өткенгедей дейтін, үн және үн өнімдерінің бағасына қатысты қойған сұрағымға тиісті министрліктің жауапты тұлғасы қазіргі нарықтағы халық тұтынатын азық-түліктің бағасы былтырғы жылмен салыстырғанда көп өскен жоқ деп жауап берді. Мен оған «құнның, нанның, еттің бағасы қандай болып жатыр екен деп базарға, дүкенге барасыз ба?» деген сұрағымға ертең жазбаша жауап берейін деп құтылды» делінген. Сонымен қатар депутат негізгі тұтынатын азық-түлік бағаларына тоқталып, күн сайын өсіп бара жатқан бағаны тұрақтандыру тек бір министрліктің ғана емес, тұтас Үкіметтің, жергілікті атқарушы органдардың жұмысы екенін қалап айтты.

Облыста әлеуметтік тауарлардың бағасын тұрақтандыру жұмыстары жүргізіліп жатқанымен, азық-түлік бағасы ырық бермей тұр. Бұған сала мамандары не дейді? Осы орайда өңірлік коммуникациялар қызметінің аланында өткен брифингте облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Шахмардан Қойшыбаев әлеуметтік маңызды бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру шараларына тоқталды. Әсіресе, тауық жұмыртқасы, қант, өсімдік майы, қарақұмық жармасы,

үн бағасы өндіруші кәсіпорындар тарапынан күрт өскен. Әлеуметтік маңызды бар өнім түрлері өңірде өндірілмеген соң өзге облыстар мен сырт елдерден келетіні белгілі. Ал, тауық жұмыртқасының қымбаттауы жыл сайын қыста қайталануда. Биыл құс тұмауынан үй құсының басым бөлігі жойылды. Оған қоса, жемінің қымбаттауы да себеп болып тұр. Еліміз бойынша жұмыртқа жетіспеушілігінен бір апта ішінде баға 20 процентке дейін өскен. Соңғы мәліметтерге қарағанда облысқа алдағы үш күнде 3 миллион дана жұмыртқа жеткізілмек. Жұмыртқа тиелген 8 жүз көлігі жолда.

Қанттың қымбаттауына қант қызылшасының егіс алқаптары қысқарып, импорттық шикізаттың қымбат болып келуі себеп екені айтылды. Тиісті сала мамандары бұл мәселеге бейжай қарап отырған жоқ. Өңірлік тұрақтандыру қорынан әлеуметтік дүкендерге арзан бағада азық-түлік күнделікті жеткізіледі. Бірақ тез сатылып кетуде. Жалпы мемлекет тарапынан әлеуметтік маңызды бар негізгі азық-түлік тауарларының бағасы шектен тыс артқан жағдайда рұқсат етілген мөлшерін бекіту қарастырылған. Жыл басында төтенше жағдай енгізілгенде алдын ала өнім қорын жасап, тапшылық пен баға өсіміне жол бермеу үшін 4,1 мың тонна өнім сатып алуға жергілікті бюджеттен қосымша қаражат бөлінген. Биыл тұрақтандыру қорынан 6,3 мың тонна өнім сатып алынып, оның 5 тоннасы сатылып үлгерген.

Қазір тұрақтандыру қорында 2,5 мың тонна өнім сақтаулы. Олар қаладағы 29 әлеуметтік дүкен мен 2 әлеуметтік маркетте, 4 ірі супермаркеттегі әлеуметтік бұрыштарда сатылуда. Бұл жерде азық-түлік нарық бағасынан 10-15 процент төмен. Тұрақтандыру қорынан бөлек 8 әлеуметтік маңызды бар азық-түлік тауарын өндіруші кәсіпкерлерге, сауда субъектілеріне бағаны тұрақтандыру үшін қайтарымды қарыз беру шаралары қабылданауда. Қазіргі таңда 2 үн өндіру компанияна, 2 жұмыртқа өндіруші қосындына,

1 бордақылау алаңына етпен қамтамасыз ету үшін және 3 кәсіпкерге азық-түлік сатылымын ұйымдастыруға айналым қаражатын беру қолға алынды.

— Өңірде өндірілмейтін өнімдер бағасын тұрақты ұстап тұру мақсатында кәсіпкерлерге қарыз беру үшін облыстық бюджеттен қосымша қаражат қаралды. Сонымен қатар әлеуметтік дүкендердің желісін ұлғайту үшін 36 дүкен ашу жоспарлануда, — деді Ш.Қойшыбаев.

Мұнан әрі облыстық ауылшаруашылық басқармасының мамандары арнайы баспасөз турын өткізді. Алдымен әлеуметтік дүкендердегі бағамен, азық-түліктің жеткізілу барысымен таныстырды. Әлеуметтік дүкенде бірінші сұрылты «Ажар», «Пионер» ұны 6350 теңгеден сатылуда. Жұмыртқа 29, қарақұмық жармасы 360, күріш 210, қант 218 теңгеден. Сияр еті 1638 теңге, нан 55, тауық еті 790, сүт 2,5 процент 280, ірімшік 1391, өсімдік майы 1 литрі 475 теңгеден саудаланауда. Ал, қырыққабат 60, пияз 70, сөбіз 100, картоп 100 теңгеден. Келушілер мұнда баға көңілге қонымды екенін айтты. Себебі базар бағасынан арзан. Бірақ тез таусылып кетуде. Сондықтан болар, әлеуметтік дүкенде кезекке тұрғандар жетерлік.

Азық-түлік сақтайтын қоймада да болдық. «Алтын қамба» ЖШС тұрақтандыру қоры басқармасының басшысы Лаура Жанасбаева сақтау қоймасындағы өнім қоры туралы айтты.

— 19 әлеуметтік маңызды бар тауардың ішінде үн, күріш, макарон, қант, өсімдік майы, сүт өнімдері, сияр еті мен көкөністер сатып алынды. Республика көлемінде жұмыртқа, өсімдік майы мен қарақұмық жармасының бағасы өсті. Сондықтан бұл өнім түрлері әлеуметтік дүкендерде тез сатылып кетуде. Қазір қоймаға 32 тонна қарақұмық жармасы жеткізілді. 50 тонна қырыққабат, 300 тонна картоп сатып алынды. Сонымен қатар 46 тонна қант, 26 тонна өсімдік майы қоймада бар, — деді ол.

Баға тұрақтандыруға байланысты атқарылып жатқан жұмыстар жүйелі. Алайда, бағаны ұстап тұру қиына соғуда.

Л.БОРАНБАЕВА, еңбек, әлеуметтік қорғау және қош-қол комитетінің облыс бойынша департамент басшысының орынбасары



КӘСІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСУ

«Nur Otan» партиясы Шиелі аудандық филиалы ғимаратында ауданның белсенді жастары, жас кәсіпкерлер, аудандық мәслихат депутаттығына кандидаттардың қатысуымен Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Мұрат Бактиярұлымен онлайн ZOOM арқылы кездесу жиыны өтті.

Кездесуде Мұрат Бактиярұлы мемлекет тарапынан болып жатқан әлеуметтік

қолдау шаралары және білім, медицина саласындағы жалпы жастарға жасалатын жағдайлар жайында ақпараттымен бөлісті. Сондай-ақ партияның жеткен биігі мен алдағы жетістікке жетелейтін жобалары жайында толық айтып өтті. Пандемияға орай карантин уақытында кәсіпкерлерге қиындық туғанын айтып, десе де мемлекеттен кәсіпкерлік саласына қолдау болғанын жеткізді.

Жиын соңында ұсыныс-пікірлер болып, жауаптар алынды, сонымен қатар сайлауға түсіп жатқан кандидаттарға сәттілік тіледі.

«Nur Otan» партиясының Қызылорда облысы Шиелі ауданының сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

«РУ-6» ЖШС ЕҢБЕК ҰЖЫМЫМЕН КЕЗДЕСТІ



«Nur Otan» партиясының аудандық филиалының сайлауды үгіт-насихат жұмыстары кестесіне сәйкес, Шиелі аудандық мәслихат депутаттығына кандидаттар Серік Мүлік, Асқат Ермаханов және Ербол Жеңісбаевтар «РУ-6» ЖШС-ның ұжымымен кездесу өткізді.

Кездесу барысында «Nur Otan» партиясының Шиелі ауданын дамытуға арналған сайлауды бағдарламасы таныстырылып, өндіріс, ауыл-

шаруашылық саласы, кәсіпкерлік тақырыптары сөз болды.

«Nur Otan» партиясының негізгі бағыты – тұрақты экономикалық даму және халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту. Бұл бағыттағы «Nur Otan» партиясы алдағы ауқымды жобаларды жүзеге асырмақ. Мәселен, ауыл шаруашылығы саласын дамыту бойынша ауқымды жоспарларды жүзеге асыру міндеті тұр.

Сонымен қатар, кездесу соңында сұрақтар мен пікірлер айтылып, жауаптар берілді.

«Nur Otan» партиясының Қызылорда облысы Шиелі ауданының сайлау қоры қаражатының есебінен төленді



ЖАСТАР ЖҰМЫССЫЗДЫҒЫ 3,9%-ға ДЕЙІН ТӨМЕНДЕТІЛЕДІ

7 мың жас, оның ішінде 1 мың адам жыл сайын жазғы кезеңге «Жасыл Ел» еңбек жасақтарын ұйымдастыру арқылы жұмысқа орналасады. Ал 3 мың жас «Жас кәсіпкер» және «Бастау бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік бағытында оқытылатын болады. Бұл туралы «Nur Otan» партиясы облыстық Сайлауалды штабының мүшесі Ануар Дәуленбаев Байқоңыр қаласы жастарымен өткен кездесуде мәлімдеді.

Жастар – ел болашағы. Жана ұрпақ мемлекетіміздің стратегиялық бағытының қозғаушы күші болуы тиіс. Бүгінде жастар бастамаларын дамытудың өңірімізде 9 орталығы жұмыс істейді, олар жастардың патриоттық тәрбиесіне, бос уақытын ұйымдастыруға, рухани-адамгершілік, азаматтық-құқықтық және дене шынықтыру деңгейін арттыруға бағытталған іс-шараларды өткізуді жалғастырады.

Жастар ресурстық орталықтарының жанында волонтерлікті дамыту орталықтары жұмыс істеп тұр. «Nur Otan» партиясының және оның «Jas Otan» жастар канатының жастармен жұмыс

барысында әлеуметтік лифтілерді құруға, «7-20-25» бағдарламасы бойынша жас отбасылар үшін тұрғын үй мәселесін шешуге, жұмысқа орналасуға, білім беруге баса назар аударылатын болады. Сондай-ақ, «Nur Otan» партиясы жоғарыда атап өткен жұмыстармен қатар келелі волонтерлік қызметке кемінде 8 мың еріктіні тарту, оларға әдістемелік көмек көрсету және оларды түрлі бағыттағы іс-шараларға қосу, аз қамтылған отбасылардан шыққан 3,5 мың студентке қоғамдық көліктерде жол жүруге жыл сайын әлеуметтік көмек бөлу, жас мамандардың тұрақты жұмыспен қамтылу деңгейін арттыру және тұрақты жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында «Еңбек» бағдарламасы шеңберінде «Бірінші жұмыс орны» және басқа да жобаларды іске асыруға жоспарлап отыр. Осы шараларды жүзеге асыру арқылы жастар жұмыссыздығы 3,9%-ға дейін төмендетілетін болады. Әрине, бұл жұмыстарды бірлесіп атқару үшін партияны қолдап дауыс беру – сіздерге аманат, – деді Ануар Дәуленбаев.

«Nur Otan» партиясы Қызылорда облысының Сайлау қорының қаражатынан төленді



ҰЛТТЫҚ СПОРТТЫ ДАМУ ТҮРІНДЕ КӨЗДЕЛГЕН

Қызылорда облысы Шиелі аудандық спорт клубында «Nur Otan» партиясының облыстық мәслихат депутаттығына үміткерлер Шайтай Тілеуберген, Серік Мүліктер үгіт-насихат жұмыстары бойынша спорт саласы өкілдерімен кездесті.

Кездесудегі мақсат – партияның Сайлауалды бағдарламасындағы спортты дамытуға бағытталған жұмыстармен таныстыру.

Партия алдағы бес жылға арналған өз жоспарында ұлт денсаулығын нығайтуға, халықты бұқаралық спортпен айналысуға бағыттауын болады. Мәселен, «Шиелі кентінде денешынықтыру және сауықтыру кешенін салуға, жасөспірімдер мен балалар спорт мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға, ұлттық спортты дамыту мақсатында 450 аудандық, 30 облыстық, 15 республикалық әртүрлі іс-шаралар өткізуге, ұлттық спорт түрлерінен, қазақша күрес, ауыр атлетика, тоғыз құмалақ, бокс, футбол, еркін күрес, дзюдо сайыстарының жоғары деңгейде өтуіне ықпал етеді. «Nur Otan» партиясы 2025 жылы ауданда дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын азаматтарды қамту деңгейін 36 пайызға жеткізуді көздейді. Біз алдымызға халықтың сенімін ақтау міндетін қоямыз. Біз ауданның әрбір тұрғынының жайлы өмір сүруі, дамуы және өзін-өзі жүзеге асыру үшін барлық мүмкіндіктерге ие болатын бақауатты қоғамды бірге құрамыз, – деді облыстық мәслихат депутаттығына үміткер Тілеуберген Шайтай.

Бұқаралық спортты дамыту маңызды деп білемін. Спортқа партия жақсы қолдау көрсетіп келеді. Аудандық спорт клубына келуші жастардың да, үлкендердің де саны артауда. Бұл халықтың саламатты өмір салтын жақсартуға деген көзқарасының жақсарғанын білдіреді», – деді партия бағдарламасындағы ауқымды жобаларды естіп қуанған Шиелі аудандық спорт клубының директоры Нұрлан Зермұхамедов. Үміткерлер спортшылардың сұрақтарына жауап беріп, 10 қаңтарда өтетін сайлауға шақырды және «Nur Otan» партиясына дауыс беруге үгіттеді.

«Nur Otan» партиясы Қызылорда облысының Сайлау қорының қаражатынан төленді

Арнаулы уақытша шот ашу және сайлау қорының қаражатын жұмсау қағидаларының 23-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарын партиялық тізімдер бойынша сайлау кезінде сайлау қорлары қаражатының түсуі және жұмсалуды туралы есеп

2020 жылғы 22 желтоқсандағы жағдай бойынша

№	Іс-шаралардың атауы	Саяси партиялардың атаулары				
		«Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» қоғамдық бірлестігі	«NUR OTAN» партиясы қоғамдық бірлестігі»	«ADAL» саяси партиясы» қоғамдық бірлестігі	«Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы» қоғамдық бірлестігі	«Қазақстан Халық партиясы» қоғамдық бірлестігі
1	Саяси партиялардың сайлау қорына түскен қаражаттың барлығы, оның ішінде:	1090000	104010864	1490000	5000000	
1.1	«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 106-бабы 2-тармағының 1-тармағына сәйкес саяси партияның өз қаражаты	1090000	26000000	1490000		
1.2	«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 106-бабы 2-тармағының 1-тармағына сәйкес Республика азаматтары мен ұйымдарының ерікті қайырмалдытары		78010864		5000000	
2	Сайлау қорының саяси партиялар жұмсаған қаражатының барлығы, оның ішінде баспа, дыбыс-бейне және өзге де үгіт материалдарын шығаруға және таратуға, үгіт жұмысын ұйымдастыру бойынша заңды және жеке тұлғаларға ақы төлеуге, сайлау алдындағы жария іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге, партиялық тізімдерге енгізілген кандидаттардың, саяси партиялардың сенім білдірген адамдарының сайлау алдындағы үгітпен байланысты көлік және іссапар шығыстарын жабуға, кез келген тіркелген бұқаралық ақпарат құралдарында сөз сөйлеуге, баспа материалдарын, сондай-ақ сайлау науқаны үшін басқа да белгілер мен нышандарды дайындауға		24372604,22		4802010	

Қызылорда облысының аумақтық сайлау комиссиясы

«Қазақстан Халық Жинақ Банкі» Акционерлік қоғамының деректері негізінде



СЫР СҰХБАТ

Ертеректе атақты ғалым Бируни: «Ақыл мен ғылымның неше алуаны Үндістанда екен, онда шыққан кітаптың саны есепсіз. Бәрін қамти алмадым, бірақ «Панчтантраны» аударуға өте құштарлықпен кірістім» депті. Сол құнды сөздердің бірінде Тәңірдің адамға берген сыйының ішінде ең баға жетпейтіні – ақыл, өмірдегі барлық нәрсеге қол жеткізетін күш осы. Ақыл – бар игіліктің негізі, әрбір талаптың кілті. Ол тәжірибе мен білім арқылы келеді... Ақыл адамның бойында байқаусыз жатады, көрінбейді, бетін ашпайды. Парасатты ақыл мен оқымыстылықтан артық ешнәрсе жоқ. Кімге Тәңірі ақыл беріп, оны білімге ынталандырса, өзі талаптанып, соларды жетілдіруге тырысса, табыс кілті сонда делініпті әлгі ақылдың інжу-маржаны жинақталған сол кітапта.

Осынау қысқа да әрі нұсқа айтылған, ықылым заманнан бізге жеткен сөздер менің Бауыржан замандасыма арналған секілді. Ешқандай әсірелеуі, боямасы жоқ, болмысына түп-тура сай келеді. Өйткені мен ғалым Бауыржанды, парасатты, білімді, азамат, көпшіл Бауыржан Елеусіновті білетініме ширек ғасырға жуықтапты.



Тәңірі оған ақыл беріп, білімге ынталандырған

Біз әлі де жиі кездесеміз. Академик Зейнолла Қабдолов айтқандай, «мына ит өмірден» жалыққанда таза ауамен тыныстау үшін Бауыржанды іздейтіндер көп. Ол жақсы, сергек жүреді, әңгімелесе қалсаң, қандай тақырыпқа болса да жүйрік. Абай өлеңдерін жатқа соғады, өзі де тәп-тәуір ақын, үлкен саясатты талдауға келгенде ешкімге дес бермейді. Математик бола тұра, әдебиетті, тілді, шахматты, тоғызқұмалақты жақсы меңгерген. Кешегі кеңес және Еуропа футболын тамсандырған Блохинмен жүздесіп, доп қуғанының өзі бөлек әңгіме. Айтапқасы, бұл жөнінде ең кей-інірек, бүгінде 60-тың асуына нек артқан замандасыма ең алдымен қоятын сауалдың ретін таба алмай қиналдым.

Ж.А.: – Қазақтың біртуар ұлы Асқар Жұмаділдаев облыс әкімі болған Қырымбек Елеуұлының қабылдауында: «Мен шетелдерде көп болдым. Солардың ішінде сауатты менеджерлер қатарының көптігінен Германияны басып озатын ешім жоқ. Мына Бауыржан, ақыл жөнінен сол менеджерлердің бірқатарынан кем түспейді» деген естідім. Менінше, баға берудің бұдан өткен өлшемі жоқ шығар, сірә... Асқармен қашаннан бері доссыз? Сіздерді жақындастырған құдіреттің сыры неде?

Б.Е.: – Асқар Серкүлұлы – қазақтың әлемге әйгілі математиктерінің бірі, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің түлегі, 25 жасында кандидаттық, 32 жасында докторлық диссертациясын қорғаған. ҚР Мемлекеттік сыйлығының, Халықаралық әл Хорезми сыйлығының және Халықаралық Гумбольдт стипендиясының иегері. Асекеммен таныстығымыз 1993 жылдан бастау алады. Сол жылы Асекең ҚР Жоғарғы Кеңесінің 13-шақырылымына депутаттыққа кандидат ретінде Қызылордадан сайлауға түсті және 13 бәсекесіз ішінен жеңіп шығып, депутат болып сайланды. Қызылорда педагогикалық институтының Мұрат Бактиярұлы (қазір сенатор) бастаған оқытушылары Асқар Серкүлұлының штабында болдық.

2009 жылы облыстық педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының ұйымдастыруымен Қызылордада «Зерттеу әлемі шекезі» атты облыстың шығармашыл ұстаздарының форумын өткіздік. Облыс әкімінің орынбасары Мұрат Бактиярұлының тапсырмасымен Асқар ағаммен байланысып, «Аға, бүкіл әлем жастарына білім, ғылым үйретушісіз. Енді туған жерге, жерлестеріңізге де қызмет ететін шак келді», – деп шақырдым. Асекең жұмысы өте көп, барынша қарапайым адам ғой, «Менің тамақ ішу, қылдыруға уақытым кетпесе. Оның орнына жастармен көбірек кездесем, дәріс оқысам», – деген бір ғана өтініш айты. Мұрнымыздан шанышылып, әр сағатымызды жоспарлап, оқушы, студент, жас ғалым және ұстаздармен кездесулер өткіздік. Сол жолы Мұрат Бактиярұлының ұсынысымен Асекеңе Шиели ауданының Құрметті азаматы атағы берілді. Біліктілік арттыру институтының профессоры қызметіне қабылданды. Сол жылдан бері Асқар ағамызбен тығыз шығармашылық және ағалы-інілік байланыстамыз.

2016 жылы Асқар Серкүлұлы 60 жасқа толды. Мерейлі мерекеге сәйкес сенатор Мұрат Бактиярұлының пәрменімен Асекеңді елге шақырттық. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қабылдап, бағалы сыйлық тапсырды, нығына шапан жапты. Сол жиында облыс ғалымдары атынан сөз сөйлеп, Асекеңнің көпшілікке беймәлім қырлары жайлы айттым. «Сыр бойы» газетінің толық бір бетіне «Академик Асқар» деген мақалам шықты.

Ж.А.: – Бауыржан Тәжімағамбетұлы, сіздің ежелгі Русь астанасы Киев аспирантурасында оқығаныңыздан, әлемге аты мәшһүр академик Патонның өзі бағалап, атақты білім ордасында өзіңізді талантты шәкірт ретінде көрсеткеніңізден хабардармын...

Б.Е.: – Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтты «физика-математика» мамандығы бойынша бітірген бойдан Украинаға, Киев қаласындағы Тарас Шевченко атындағы ұлттық университетке ғылыми стажировкаға жіберілдім. Әлемге әйгілі академиктермен, Социалистік Еңбек Ерлерімен, мықты ғалымдармен қоян-қолтық араласу бақыты бұйырды.

Ғылыми жетекшім Владимир Савельевич Сперкач деген физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, үлкен ғалым, Акустикалық спектроскопияның Одақтағы ең мықты маманы еді. Өзі М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің түлегі болатын. Өте білімді, адал және барынша қарапайым жан еді. Біздің зертхана сол кездегі Одақта алдыңғы орында тұратын. Демалыс күндері Орталық ғылыми кітапханаға барып, азынан кешке дейін арнайы ғылыми әдебиет, журнал қараймын. Университеттегі белгілі ғалымдардың лекцияларына, әртүрлі конференцияларға қатысып, жиі баяндамалар жасаймын. Өйтеуір бір тыным жоқ. Сол тынымсыз еңбектің арқасында аспирантураны бітірген соң 3 күннен кейін Киев университетінің арнайы Ғылыми Кеңесінде диссертациямды қорғадым.

Бірде Ғылыми жетекшім мақала жазуды тапсырды. Соны 10 рет жазып бардым. Барған сайын «мына жері дұрыс емес, ана жері дұрыс емес, сөйлемдерің шұбаланқы, артық сөздер көп» деп ескерту жасап қайтарады. Ең соңында барып «Міне, енді дұрыс болды. Мақала осылай жазылады. Енді жаза беруіне болады» деген. Сосын кафедраның жас оқытушылары мен аспиранттарына «Бауыржан осы жерде жүргенде мақала жазуды үйренді» деп айтқаны әлі есімде. Сонан бері мақала жазуды әдетке айналдырдым. Қазіргі кезге дейін 480-дей мақала жазылып, басым көпшілігі АҚШ, Жапония, Оңтүстік Корея, Франция, Италия, Испания, Польша, Венгрия, Норвегия, Ресей, Украина, Өзбекстан және Қазақстанның белгілі басылымдарында жарияланды. Оған қоса 26 кітап шығарыппын. Оның ішінде монографиялар, оқу құралдары, әдістемелік құралдар, шығармашылығыма арналған кітаптар, ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен «Физика және астрономия. 9 сынып» оқулығы 300 мың данамен қазақ, орыс, өзбек және ұйғыр тілдерінде шықты.

Аспирант кезіме Киев Университеті қаражатын төлеп, Украинаны және бұрынғы Одақты аралап, ғылыми конференцияларға қатысып, баяндамалар жасадым. Украинадағы конференциялар украин және ағылшын тілінде өтетін. Орысша сөйлегендерді қабылдамайтын. Мен кіріспе сөздерімді украин тілінде айтып алып, орысша баяндама жасайтынмын. Киевтегі бір халықаралық конференцияға бүкіл Орталық Азия мен Қазақстаннан жалғыз өзім қатысып, украинша бастап сөйлеп, украин тілінде аяқтағанымда Украина Ғылым академиясының 1964 жылдан бері президенті, 2 мәрте Социалистік Еңбек Ері, академик Б.Патон қолымды алып, «мұны украин тіліне, украин халқына үлкен құрмет деп бағалаймын», – деп алғыс айтқан еді. Факультет және кафедралары іс-шараларда тек украин тілінде сөйлейтінмін. Ол кезде Қазақстандағы 2 үйі бар қойлы ауылдағы сарайда орысша ұрандар ілініп тұрса, Киевтің орталық көшелерінде украин тілінде ұрандар көз жауын алатын.

Ж.А.: – Сіздің «Өрлеу біліктілігі арттыру ұлттық орталығы» Қызылорда облыстық бөлімшесіне басшылық жасағаныңызға ұзақ уақыт болды. Осы оқу жүйесінің құрылуы қандай қажеттіліктен туындады?

Б.Е.: – Білімді ұрпақты, бәсекеге қабілетті мамандарды жан-жақты дамыған ұстаздар ғана тәрбиелей алады. Олардың білімін жетілдіру қажеттілігі туындап, ҚР Білім және ғылым министрлігі алдына белгілі ғылым докторы, профессор Гүлнас Кенжетайқызы ұсыныс жасады. Міне, осыдан барып ұлттық орталық құрылды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы қаулысына сәйкес елімізде ТМД елдері арасында ешқандай баламасы жоқ, біліктілік арттырудың жаңа жүйесі – «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы құрылды. Оның құрамына Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлар біліктілігін арттыратын республикалық институты, Алматы, Астана қалалары және 14 облыстық педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институттары енді. Бұрын әрқайсысы өз бетінше жұмыс

жүргізіп жатқан институттар бір жүйеге біріктірілді. Басқарма төрағасы болып ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, профессор Г.К.Ахметова тағайындалды.

Оқытушыларымыздың шетелдің алдыңғы қатарлы оқу орындары мен орталықтарында білім көтеруге барлық жағдай жасалды. Ұлыбритания, Франция, Австрия, Сингапур, Оңтүстік Корея, Австралия және Ресейдің беделді оқу орталықтарында болып, алған білімді біліктілік арттыру курстарында пайдаланылуда.

Ж.А.: – Бәуке, сіздің спортпен де айналысып тәуір нәтижеге қол жеткізгеніңізді білеміз. «Уақыт, шіркін, өткендей жылжып баяу тым...» атты кітабыңыздағы өлең жолдарын оқып шықтым.

...Уақыт, шіркін, өткендей жылжып баяу тым, Ойласам сені, ардағым әкем, аяулым. Асқар тау барда шалықтап жүрген көңілім,

Бүгінгі күні қайтемің енді, жаяуым, – деп сыршыл ақындық жүрегіңізбен тебірене жүр жолдарын арнапсыз. Енді отбасыңыз жайлы бірер сөз айттып өтсеңіз...

Б.Е.: – Жастайымнан спортпен айналыстым. Аптасына 5 күн күреске, оның 3 күнінде күрестен шығып футболға қатысатынымын. Еркін күрес пен қазақша күрестен аудан, облыстың чемпионы атандым. Республикалық біріншіліктерде жүлделер болдым. Жастар арасындағы Қазақстанның чемпионы атандым. «Былғары доп» турнирлерінен бастап күні кешеге дейін доп теуіп келдік.

Замзеш азам есте сақтау қабілеті өте жоғары, 30-40 жыл бұрынғы жағдаяттарды қазір болғандай айтып отыратын. Бір сәт те қарап отыра алмайтын еңбеккер және ерекше мейірім шуағын төгіп тұратын жан еді.

Әкеміз Елеусінов Тәжімағамбет бүкіл ғұмырын есеп-қисап жұмысына арнады. Ұлы Отан соғысы жылдарында мектепке мұғалім жетіспеген жағдайда 7-сыныпты бітіргеннен кейін үздік математик-оқушы ретінде мектепке математика пәні мұғалімі болып жұмысқа қабылданады.

1950 жылдан бастап шаруашылықта есеп-қисап жұмыстарының маманы болмағандықтан, арнаулы білімі жоқтығына қарамастан Молотов атындағы колхозда бухгалтер қызметін атқарған. Шаруашылық тікелей Москваға, СССР Қорғаныс министрлігіне қарайтын №22 әскери совхоз болып құрылғаннан кейін бас бухгалтер дәрежесіне дейін жоғарылап, осы қызметті 25 жылға жуық зейнетке шыққанша абыроймен атқарды.

Барлығымыз кітап, газет оқып, теледидардан күнде жаңалықтар көретініз. Ауылда біздің отбасы жайлы «Өзге үйдің балалары ойыншықпен ойнаса, Тәжімағамбеттің балалары кітаппен ойнайды» – деп айтатын. Балалардың барлығы мектепте үздік оқыды.

Балалар дегеннен шығады, қазір жұбайым Загира екеуіміз немере сүйіп отырған жағдайымыз бар. Үлкен ұлымыз Әкімжан Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университетінің бакалавриатын, Ресей Федерациясының Қазан қаласындағы А.Н.Туполев атындағы федералдық авиация университетінің магистратурасын бітірді. Қазір Алматы қаласындағы Азаматтық авиация академиясында басшылық қызметте. Қызымız Тоғжан Нұр-Сұлтан қаласындағы медалакадемияның түлегі, Алматыдағы С.Асфендияров атындағы медицина университетінің магистратурасын бітірген. Нұр-Сұлтан қаласында емханада еңбек етеді. Онан кейінгі қызымыз Балжан Еуразия университетінің бакалавриатын және магистратурасын аяқтаған. ҚР Әділет министрлігінде қызмет жасайды.

Кенжеміз Сабыржан Еуразия университетінің бакалавриаты мен магистратурасын, Азаматтық авиация академиясының бакалавриатын бітірген. Ресейдің федералдық навигация орталығында 10 айлық тағылымдамадан өтті. 2019 жылы барлық сынақтарды ойдағыдай тапсырып, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Президенттік Жастар резервін» құрайтын 300 жастың құрамына қабылданды.

Әңгімелескен Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ, «Сыр бойы»

Тең мүмкіндіктер жасалады

Шиели ауданында «Nur Otan» партиясының партия филиалында сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары аясында үкіметтік емес ұйым белсенділерінің қатысуымен кездесу өтті.

Оған партия атынан облыстық мәслихат депутаттығына үміткер Мейрамхан Дүйсенов, Қазбек Шәукебаев, аудандық мәслихат депутаттығына үміткерлер Патима Маханбет, Бактияр Дайракулов қатысты.

«Nur Otan» партиясының экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ету, қызмет жасап тұрған жұмыс орындарын сақтап қалу және жаңа жұмыс орындарын ашу сондай-ақ, тұрғындарға қауіпсіз әрі жайлы аймақ қалыптастыру бағытындағы ауқымды жобалары Шиели ауданында да жалғасын таппақ.

Мәселен, ауданда ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін келергісіз орта құруға ерекше көңіл бөлінеді. Тен мүмкіндіктер құру үшін «Nur Otan» партиясы Шиели кентінде инклюзивті орталық ашу және тиісті мамандармен қамтамасыз етуді жоспарлауда. Мүгедек адамдарға өздерінің жеке қажеттіліктерін ескере отырып, онлайн-режимде көмекші,



көмекші құралдар мен әлеуметтік қызметтерді алуға мүмкіндіктер беретін әлеуметтік қызметтердің бірыңғай порталын енгізеді. Әр ауылдық округте материалдық көмек көрсету пункттерін ұйымдастыру арқылы қиын жағдайға тап болған адамдарға қолдау көрсетуге ықпал етеді. «Бақытты отбасы», «Ардагерлерді ардақтау» партиялық жобалары көпбалалы және аз қамтылған отбасыларды қолдауға және олардың азаматтық ұстанымын жандандыруға бағытталатын болады», – делі үміткер Шаутай Тілеуберген.

Жиында «Үміт» қоғамдық

қорының төрағасы Асылбек Смайлов пен аудандық заңғиптар қоғамының атынан Бактығұл Іргебаева сөз сөйледі. Олар инватакси қызметін дамыту, қоғамдық ұйымға ғимарат қажет, – деген мәселелерін ортаға салды. Үміткерлер барлық сұраққа жауап беріп, үкіметтік емес ұйымдарды қолдау әрқаз партия назарында екенін жеткізді.

Келесі кездесуде партияның ауқымды жобаларына қанық болған сайлаушыларды үміткерлер бірігіп жүзеге асыру үшін «Nur Otan» партиясына дауыс беруге шақырды.

«Nur Otan» партиясы Қызылорда облысының Сайлау қорының қаражатынан төленді

Көшетті қайдан аламыз?

Биылға дейін Сыр бағбандары жеміс ағаштарының көшеттерін көршілес Түркістан облысына қарасты Сарыағаш және Қазықұрт аудандарындағы тұқым шаруашылықтарының питомниктерінен сатып алып келді. Дегенмен, ол жақ пен біздің облыстың ауа райы, топырағының ерекшеліктеріне байланысты еккен көшеттердің 40-50 проценти жерсіне алмады.



Сондықтан, бізге облыстың ауа райы мен топырағына бейімделген, жерсіндірілген жеміс ағаштарының көшеттері қажет. Облыс бағбандарының көшетке қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында жеміс ағаштарының элиталық көшеттерін өндірумен айналысатын тұқым шаруашылығын ашу керек болды.

Осыған орай, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы мамандарының бастама-сымен өткен жылдың тамыз айында Жаңақорған ауданына қарасты «7 КЗ Сыр табиғаты» ЖШС-ның питомникінде алма, өрік, шабдалы, алмұрт ағаштарының және жүзімнің 150 мыңға жуық элиталық көшеті өсірілуде. Баға-сы да қолжетімді. Бұдан басқа аталған шаруашылықта грек

шет өндіріп-өсірумен айналысатын аттестатталған тұқым шаруашылығы ашылды. Бұл – облыс бойынша жеміс ағаштарының элиталық көшеттерін өндіріп-өсірумен айналысатын бірден-бір тұқым шаруашылығы. Мұнда өсірілген көшеттер алдағы жылдары облыс аумағына тиімді бағамен сатылады. Қазіргі таңда «7 КЗ «Сыр табиғаты» ЖШС-ның питомникінде алма, өрік, шабдалы, алмұрт ағаштарының және жүзімнің 150 мыңға жуық элиталық көшеті өсірілуде. Баға-сы да қолжетімді. Бұдан басқа аталған шаруашылықта грек

жаңғағы мен миндаль (бадам), арша ағаштарының бірнеше сорттының көшеттері өсірілуде. Жеміс ағашын өндірістік негізде өсірме дейтін шаруашылықтарға және кәсіпкерлерге «Тұқым шаруашылығын қолдау» бағдарламасы бойынша сатып алып еккен элиталық көшеттері үшін 50 процент субсидия төленеді. Биыл «Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау» бағдарламасы аясында бір шаруашылық 3500 дана элиталық көшетке 1204 мың тенге субсидия алды.

Облыс бағбандарын жеміс ағаштарының жерсіндірілген элиталық көшеттерімен толық қамтамасыз ету үшін алдағы жылы Жаңақорған ауданынан тағы да бір элиталық көшет өсірумен айналысатын тұқым шаруашылығын ашу жоспарлануда. Тұқымбалқа жер бөлу үшін тиісті сақа мамандары жұмыс жүргізуде. Егер алдағы уақытта бақ егумен айналысқысы келетін шаруашылық немесе кәсіпкерлер болса, төмендегі байланыс телефондарына хабарласуларына болады.

Байланыс телефоны: 87755257760, 87771161803 – Сарбасов Амантай.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының тұқым шаруашылығы және астық инспекция бөлімі

Мектептегі орталық

Бүгінде Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында Сыр елінің білім беру саласында да атқарылып жатқан жұмыстар жетерлік. Қазақ елінің ұлық мерекесі – Тәуелсіздік күні қарсаңында Қызылорда қаласындағы №7 мектеп-лицейінде ашылған «COWORKING» орталығы – осы сөзімізге дәлел.



– Коворкинг орталығының негізгі мақсаты – әлеуметтік маңызы бар бастамаларды, жобаларды, ұстаздар мен шәкірттердің бірлесіп жұмыс жүргізуі үшін қолжетімді алаң ұйымдастыру. Орталықта интеллектуалды ойындар, көрмелер өткізуге, вебинар және фильм көруге мүмкіндік жасалған. «Book crossing», «Start up» секілді бұрыштарды қамтыған бұл заманауи «COWORKING»

орталығы баланың бос уақытын тиімді пайдалану әрі жан-жақты дамуына толық жағдай жасап, орталыққа келген адамға өзінің сүйікті ісімен айналысуына, жастардың бизнес, шығармашылық, оқу бағдарламалары аясындағы креативті жобаларын жарыққа шығарып, жүзеге асыруға мүмкіндік береді, – дейді идея авторы, №7 мектеп-лицейінің директоры Ануза Аманжолқызы.

Мектеп директорының айтуынша, коворкинг орталығын жасақтау мен безендірудің өзі – тұнып тұрған еңбек, талант, шеберлік. Аталған орталықтың сәні мен көркін келтіріп, жұмысына жан бітіріп тұрған көрнекіліктер мен безендірулерді білім ордасының ұстаздары жасаған көрінеді. Бұл орайда мектептегі «Өнер бірлестігі», оның ішінде, Өмірбек Есенбаев, Мінәжәт Жылыбаев, Айдар Маханов, Наталья Скрынская, Акмарал Әлиева, Жанна Әбілқайырова секілді мұғалімдерді ерекше атап өтуге болады.

Шәкірт пен ұстаздардың жан-жақты дамуына барлық жағдай жасалған орталықтың мерекеге орайластырылған салтанатты ашылуына қалалық білім бөлімінің өкілдері Галия Ермағанбетқызы, мектепшілік әкелер мектебінің төрағасы Жамбыл Ахметов, қамқоршылық кеңесі төрағасының орынбасары Мұрат Абдраманов және ардагер ұстаз Ғалым Башарұлы қатысып, сәттілік тіледі.

Салтанатты кеште мектеп-лицейдің ұлағатын ұстазы, математика пәнінің мұғалімі Қымбат Маханбетова орталыққа өз арнауын оқыса, талантты оқушылар әуелете ән айтып, күмбірілген күйден шашу шашты.

Н. ЕРТУҒАНҰЛЫ

«Сырдария-1» КС»
ЖШС әкімшілігі.
(БИН: 040 540 001 348)



«Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» дейді бұрынғылар. Жұмырбасты пенденің көкірек көзін ашуда осынау киелі орынның зор септігі тигені шүбәсіз.

Сб Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
«Сыр бойы»

Қайнар білімнің құтханасы



Әр төбесін түртіп қалсаң, түмса тарихы қазыналы көмбедей болып жататын Қазалы ауданындағы алғашқы кітапхананың да шежіресі қатпарлы. Өткенімізге зер салсақ, Қазақстан мен Орта Азияның табиғаты мен тарихын зерттеген орыс саяхатшылары қалдырған мәдениет ошақтары көптеп кездеседі. Соның бір мысалы 1901 жылы Қазалы қаласында салынған ең алғашқы кітапхана құрылысы деуге толық негіз бар. Оның іргетасын сол заманда тағдырдың тезімен қазақ даласына жер аударылып келген орыс зиялылары қалаған. Олар кітапхана қорына қолда бар әдебиеттерін беріп, қазақ жастарының ұйымдасып ойын-сауық қоюына, одан түскен қаржыға кітаптар сатып алуына мұрындық болды. Кітапхананың білім көзі екенін түсінген қазақ зиялылары оның қорын толықтыруға өзіндік үлестерін қоса бастады. Сөйтіп, алғашқы жылы 437 дана кітап қорымен Қазалы қаласында өз оқырмандарын қабылдады. Сол жылдары кітапхананың тұрақты 113 оқырманы болды.

Кейінгі жылдары Арал теңізін зерттеуге келген академик А.С.Берг осы кітапханаға арнайы соғып, бірнеше ғылыми әдебиет қосты. Орта Азияға сапар шеккен атакты саяхатшы П.П.Семанов-Тянь-Шанский де Қазалы қаласында болып кітапхана жұмысын жақсарту туралы кітапханашыларға ақыл-кеңес берген. Кейін өзінің жеке кітапханасынан 200-ге тарта кітапты қолтаңбасымен сыйға тартқан. Бұл кітаптар әлі күнге қалалық кітапхананың жанынан ұйымдастырылған «Алтын қор» мұражайында сақтаулы.

Осылайша Сыр бойында ең алғаш ашылған оқырмандар ордасында кітап қоры жылдан-жылға көбейе түсті. 1905-1907 жылдардағы орыс революциясы кезінде кітапхана қызметкерлері белсенділік танытып, патша үкіметі тыйым салған әдебиеттер мен газет-журналдарды жина-

тырып, тығып ұстады. Сол тұстары кітапхана алдыңғы қатарлы жастар мен зиялы қауым өкілдерінің бас қосатын сүйікті мекеніне айналған. Сондай жастар қатарында Орта Азия мен Қазақстан жастарының жалынды жетекшісі Ғани Мұратбаев, большевиктер секретарьларының бірі Вали Семенов, халық ағарту ісінің үздігі Бердікен Мергенбаев, көп жылдар бойы Ташкент университетінің профессоры болған Фатых Бакиров және басқалар болды.

Ұлан-ғайыр игілікті істердің басында кітапхананың ең алғашқы кітапханашысы, 1900-1917 жылдарда еңбек еткен Надежда Палаева жүрді. Кітапхана алғашқы кездері орыс және татар бөлімінен тұрды.

Қазалы қаласындағы қайнар білім ордасының 1917-1956 жылдардағы меңгерушісі болған Уәли Адамовтың еңбегі ерекше. Кітапты сүйген ғажайып жанның арқасында оқырман мен кітапхана арасындағы байланыс жақсарды, кітап пен оқырман саны, мәдени-көпшілік жұмыстар көбейе бастады. Ол ерінбей-жалықпай іздене отырып, кітапхананы жана белеске көтере білді. Уәли Адамов – Қазалы ауданындағы кітапханатану ісіндегі көшбасшы.

«Толқыннан толқын туады» демекші, мұнан кейінгі 1951-1980 жылдар аралығында кітапханада Сейілхан Төлегенов, Жәкеш Төлепова еңбек етсе, 1963-1970 жылдар аралығында Жәрмедет Хайруллаев халыққа кітапханалық қызметінің озық үлгілерін ұсынды.

Тәуелсіздік алған бүгінгі уақытта да Ғани-Ғылымның құтханасы халыққа қалтқысыз қызмет көрсетіп келеді. Заман көшінен бір сәтке де қалыс қалған емес. Тарихы тәлімді, қызметі жүйелі кітапхананың қазір 56602 кітап қоры, 3107 тұрақты оқырманы бар. 2010 жылдан бастап Гүлнар Пірімбетова бастаған кітапханашылар халыққа үздіксіз қызмет жасап келеді.

Қазалы ауданы



● БӘРЕКЕЛДІ!

Азаматтың асуы алда

Жақында әлеуметтік желіден қызылордалық студенттің халықаралық бейнероликтер байқауының жүлдегері атанғанын білдік. Жеңімпаз Азамат Ибрагимовпен дереу тілдесуге асықтық. 5000-нан астам жас қатысқан сайыста дараланған Азамат Қырғызстан, Ресей, Беларусь елдерінің намысын қорғаған өрендердің де жұмысы тартымды болғанын айтады.

Сб Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы»

– Оқушылар мен студенттер арасында ұйымдастырылған халықаралық «Права человека нашими глазами» бейнероликтер байқауы қорытындысының тікелей көрсетілімі Ресейдің Санкт-Петербург қаласынан жүргізілді. Қатысушылар өз еңбектерін БҰҰ Бас ассамблеясының 1948 жылы қабылданған Адам құқықтарының жалпыға

бірдей декларациясына арнады. Байқауда 10-22 жасқа дейінгі жастар өзара бақ сынады. Тікелей эфирде өткізілген ақтық мәреде келіп түскен 1475 бейнероликтің ішінде 35-і іріктелді. Жұмысымды Юрий Левитанскийдің «Өркім өзі үшін таңдау



жасайды» өлеңіне негіздеген едім. Қазылар алқасының көңілінен шығыпты. Бас жүлде иегері деп менің аты-жөнімді хабарлағанда, ерекше қуанышқа бөлендім. Бұл – менің жетістіктерімнің бастауы, – дейді Азамат.

Ол Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенті, болашақ аудармашы. Құқық саласына қызығушылығы бар. Графикалық дизайнмен де айналысады, бос уақытында бейнероликтердің түр-түрін талғаммен дайындап шығарады.

– Адам құқықтары саласында, оның ішінде инклюзивті қоғам бағыты бойынша жұмыс істейтін жас ретінде маған бұл конкурс өте қызық әрі маңызды болды. Адам құқықтары өзектілігін ешқашан жоғалтпайды дегенге сенемін. Бұл – Қазақстан не Орталық Азияда ғана емес, бүкіл әлемде ең маңызды және өзекті тақырыптардың бірі. Сонымен қатар әрбір адам жан-жақты болуы тиіс деп есептеймін. Уақыт – бізге берілген сый. Оны бойдағы жалқаулықты жеңуге, өзімізді дамытуға, алға жетелеуге жұмсауымыз керек, – дейді және бір сөзінде ол.

Ал, конкурстың Қазақстандағы ұйымдастырушыларының бірі, БҰҰ-ның адам құқықтары жөніндегі сарапшысы Халида Әжітұлова адам құқықтарын

бастауыш сыныптардан үйрету керек деген пікірін алға тартады.

– Мұндай шығармашылық конкурстар қоғамға өте пайдалы. Бір жағынан, балалар шығармашылық арқылы адам құқықтарын зерттеу және зерделеу ісіне араласады, оның маңыздылығы жөнінде ойланады. Ал біз, ересектер, балалар мен жастардың еңбегі арқылы оларды не алаңдататынын көре аламыз. Биыл буллингке, тұрмыстық зомбылыққа, сөз және ар еркіндігін шектеуге дискриминацияға қарсы роликтер мықты шықты. Бұл жұмыстар балалардың қауіпсіз, инклюзивті, адамгершілікке толы және бәрі тең болатын қоғамда өмір сүргісі келетінін көрсетеді, – дейді Х.Әжітұлова.

● ӨМІРДІҢ ӨЗІНЕН

Кенже ұл

Қазақ қашаннан кенже ұлды мейіріммен өсіреді ғой. Бала күнінен ықыласпен қарап, шаңырақ иесі болуға бірте-бірте тәрбиелейді. Жасынан соны сезініп өскен ұлдың бұл міндеттен, яғни ата жолынан тайқитындай жөні жоқ. Ол қарашаңырақтың әрі қарайғы ғұмырына аса жауапты.

Сб Ержан ҚОЖАСОВ,
«Сыр бойы»

Ерқанат неден қорқады?!

– Ертең мына бала қайтады, – деді әкей түскі дастархан үстінде мені негімен нұсқап.

– Ертең емес, арғыкүні, – дедім түзету енгізіп.

– Мейлі ғой, – деді шәйін бір ұрттап. – Не істейміз, Ерқанатжан, бір жандық сойып алыс ба?! Қалада қайбір ет жеп жүр дейсін. Макаронда не құнар бар? Қарашық болар. Аузының дәмін алса да...

– Мейлі, – деді біздің Ерқанат ыстық қуырдақты қарбытып жатып. – Кешке көрейік. Қой-ешкі өрістен келсін. Қайсысы қондылау соны алар.

«Мынау өзі үй тіршілігін еңсеріп алыпты-ау» деп ойланғанымыша болмады, әкей өрістегі бұзауын қосып жіберген сиырлар жайын айтып, Ерқанат оны «Қыз-кеткен» тұста жайылып жүргенін сөз қылып, өзара әңгімеге көшкен.

Расымен, қалада жүрген біздің кадріміз шамалы. Қорадан өрген малды танымайтын менен не сұрасын, әкей?! Қай заттың қайда тұрғанына дейін Ерқанат білер. Үйдегілердің де ойласатыны сол.

Ерқанат – кенже ұл. Қазаққа қара шаңырақтың иесі болып әу баста үйдің кенжесі саналады ғой. Інімің бала күнінен санасы соған дағылданған. Өйтпесе, ол да қалаға барып, арман қуып, әдемі көлік мінуді ансайтын болар. Қалаған жұмысына тұрып, сонда қалып, көкейдегісін орындағысы келмейді деймісін?! Иә, іштей армандайтын оны да. Сөзетінмін. Бірақ, болмайды. Ол кішкентайынан «сен осы үйдің келешек иесісің» дегенге әйдеқашан көндіккен. Сондықтан әкем мен шешемнің әу бастан құлаққа құйған, «осы кенжем асырайды бізді» деген үмітін арқалап

алған. Шаңырақ иесі болу аманатына қиянат жасағысы келмейді. Кенже ұл Ерқанат содан қорқады, қатты қорқады. Бұрынғылар да соны біліп, қарашаңырақтың қадірін түсіне білді ғой.

Ертеніне мені оятпапты. Өзі танмен таласа екі еркек тоқтыны пышаққа жыққан. Бауыздап, жіліктеп, бір қойдың етіп бүтіндей қағаз қорапқа салыпты. Бір мүшесіне тимепті. Ұйқыдан тұрғанымда, бас үйітіп отыр екен.

– Өзімізге де тамақ керек. Тағы біреуін сойғаным сол, – деді көк тоқтының басынан көз алмай тұрған маған қарап. – Сыбағаң дайын. Қалада тұрсаң, соғым жіберіп тұрар ғой келешек.

Ыржия күліп, күйген басты көне пышақпен қырып тұрған Ерқанат осылай дейді. Бауырмысың деген...

Шаңырақ иесі: бүгін және бұрын

Осы тақырыпты қаузап келе жатып, Жарасқан Әбдіраштың «Кенже баласын» оқырман есіне саламыз. Иә, өзіміздің Аралда туған, теңізден шыққан талантты ақын осы шығармасында кенже ұл мен қарашаңырақтың қасиетін әдемі суреттейді. Өлеңді оқысаңыз, ақынның әкесі ілгеріде өмірден өткен. Бұл жолы анасын қайтпас сапарға аттандыруға ауылға барады. Анасын жерлеп, барлық бауыры қалаға қайтар кездегі шаңырақтағы кенже ұлдың көңіл күйі өлеңде анық көрсетілген.

... Шыдатты салт,
бөріне шыдапты әдеп,
Жетер ме едім әлі де
мұратқа көп.
Көз жұмарда кемпір-шал
тағы өтінді:
«Шаңырақты қалайда
құлатпа» деп.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті Қызылорда облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2021 жылғы 1 тоқсанға арналған жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Т.А.Ә.	Атқаратын лауазымы	Қабылдау күні, уақыты	Мекенжайы	Байланыс телефоны
Даулетова Галия Ногаевна	Департамент басшысы	Сейсенбі сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Төле би көшесі, №36 2-қабағ	8(7242) 27-44-78
Мырзағалиева Айгүл Абасевна	Департамент басшысының орынбасары, әдеп жөніндегі уәкіл	Сейсенбі сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Төле би көшесі, №36 2-қабағ	8(7242) 26-16-57

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы» Заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеуі және оның алдын алу мақсатында департаментте арыз-шағым жошігі орнатылған,сонымен қатар 8 (7242) 27-05-47 сенім телефоны жұмыс жасайтындығын хабарлайды.

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, 120014, Қызылорда қаласы, Төле би көшесі, 36
Электрондық пошта: kadry.kksonkyzylorda@edu.gov.kz

Алдағы жылға артар сенім мол



Арал аудандық мәслихат депутаттығына үміткерлер аудандық сайлауалды штабының төрағасының бірінші орынбасары Талғат Қанатов, аудандық мәслихат хатшысы Дәуренбек Мадиев, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Базарбай Төрахметов пен №57 мектептің бас есепшісі Мархабат Жүгінісова қаржы саласы мамандарымен кездесу өткізді.

Аудандық сайлауалды штабында өткен басқосуда партияның сайлауалды бағдарламасы таныстырылып, үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, үміткерлер партияның алдағы уақытта атқаратын толымды істерін тілге тиек етті. Нақтырақ айтқанда, партияның сайлауалды бағдарламасында ауданды дамытудың 7 бағытын түсіндірді. Оның басты мақсаты – халықтың өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын үздіксіз жақсарту үшін жағдай жасау.

– Біздің партия аудан тұрғындарының үмітін ақтау, халықтың барлық топтарының мүдделерін білдіру және халық пен билік арасындағы байланыстырушы буын ретінде әрекет ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайтын болады. Біз сіздерді аудандық мәслихат сайлауында «Nur Otan» партиясын қолдауға шақырамыз. Ауданымызды әртараптандырып, бәсекеге қабілетті экономика және өмір сүру үшін жайлы аумақ ететін нақты шаралар ұсынамыз – деді Базарбай Төрахметов.

– Біз ауданның дамуы мен өркендеуі үшін барлық азаматтармен және қоғамдық бірлестіктермен идеялар алмасуға және кең ынтымақтастыққа дайын және ашық екенімізді мәлімдейміз. «Nur Otan» партиясы еліміздің жетекші саяси күші ретінде халқымыздың бірлігіне, еліміздің гүлденуіне және әрбір қазақстандықтың игілігіне жұмыс жасауды жалғастырады. Біз алдымызға сіздердің сеніміңізді ақтау міндетін қоямыз, – деді Дәуренбек Мадиев.

Үміткерлер ауданның әрбір тұрғынының жайлы өмір сүруі, дамуы және өзін-өзі жүзеге асыруы үшін барлық мүмкіндіктерге не болатын бақауатты қоғамды бірге құруға үгіттеді. Партиямен алда атқарылатын жұмыстар тізбегінен хабардар болған сала мамандары алдағы күнге сеніммен қарап, өз ризашылықтарын білдірді.

«Nur Otan» партиясының Қызылорда облысы Арал ауданының сайлау қорының қаражатынан төленді



Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифициталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыздар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.